

**№12 Жалпы орта мектеп**  
0 «Шұғыла» мектепалды даярлық сыйныбы.

**Ата-аналар жиналышының хаттамасы.**  
**Хаттамасы № 1**

**Катысқан ата-аналар саны:16**

**Катыспағандар :0**

**Откізу уақыты:7.09.2023ж**

**Күн тәртібінде:**

1. 2023-2024жана оку жылшының іс-жоспарымен танысу.
2. Ата-аналар комитетін қайта сайлау.
3. Мектепалды даярлық сыйнып тәрбиешісі Даулетова Бибикул «**Отбасы мен мектеп бірлігі**» атты баяндама оқылды.
4. Әр түрлі мәселелер.

Бірінші мәселе бойынша МАД тәрбиешісі Даулетова Бибикул жана оку жылшының іс-жоспарымен таныстырып отті. Балалармен мектепке дейінгі білім беру стандарты бойынша жұмыстар аткарылатынын атап отті.

**Шешім:2023-2024 оку жылшының іс-жоспары канаттандарылсын.**

**Жауаптылар: Жауқимова Н, Даулетова Б.**

**Мерзімі:** Келесі ата-аналар жиналышына дейін

Екінші мәселе бойынша ата-аналар комитетін қайта сайлауга ұсыныс таstadtы. Ата-ана Отегенова Мелдір сез кезегін алып Орынбекова Нұрсулуды сайлауга ұсыныс таstadtы. Мүшелері: Орынбекова Н, Абдураймова Гүлназ ата-аналар комитетінің мүшесі болып сайланды. Ата-аналар бір ауыздан келісіп сайлады.

**Шешімі:** ата-аналар комитетінің төрағасы Абдураймова Гүлназ сайлансын.  
**Жауапты:** ата-аналар комитетінің төрайымы мен мүшелері. **Мерзімі:** келесі ата-ана жиналышына дейін. МАД тәрбиешісі Даулетова Бибикул жол кауіпсіздігі туралы айтып отті. Болашағымыз балалар олардың жауапкершілігі біздің колымызда. Сол үшін болашағымыз туралы ойланатын мәселе бойынша тақырып қозгады.

**Жауаптылар:** ата-аналар мен МАД тәрбиешілері. **Мерзімі:** келесі ата-аналар жиналысына дейін. Үшінші мәселе бойынша Даuletova Bibikul әр түрлі мәселерді ортага салды Оку құралдарын толық әкелуін талап етті Балалардың тазалығын, балабакшадан себепсіз қалдырмай, кешікпей келуін айтып өтті.

**Шешімі:** «Шұғыла» мектепалды даярлық сынныбында кезекті ата-аналар жиналысы қаралған мәселелерді бір ауыздан макұллады

**Жауаптылар:** барлық ата-аналар мен топ тәбиешілері.

**Мерзімі:** келесі ата-аналар жиналысна дейін. «Шұғыла» МАД сынныбының тәрбиеленушілері жаңа оку жылына толық дайындықпен катыссын.

Даудыс беру нәтижесі: «ия»

Сынып жетекшісі:  
Хатшы ата-ана:


*Даудыс  
Орынбекова Н*

Даuletova B  
Orynbekova N

**№12 Жалпы орта мектеп**  
0 «Шұғыла» мектепалды даярлық сыйныбы.

**“Отбасы мен мектеп бірлігі”**

**Баяндама**



**Сынып жетекшісі: Даuletova Б**

**2023-2024ж**

### **Баяндама “Отбасы мен мектеп бірлігі”**

Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді пайдалану өтे маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» Қай кезеңде болсын үрпак тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді катты ойландырып, толғандырып отырган жайы бар. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін.

### **Тақырыбы: Отбасы мен мектеп бірлігі.**

Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді пайдалану өтे маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» болып табылады. Қай кезеңде болсын үрпак тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді катты ойландырып, толғандырып отырган жайы бар. Дәл казіргі жағдайда қандай үрпақты тәрбиелеп жатырмыз деген сұрақ туындаиды.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаган дарыны болса дамыту, дұрыс тәрбие мен білім алудына жағдай жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнэрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала – әр жанұяның бакыты. Олай болса, өз бакыттымызды бағалай білейік. Ата-аналар өз балаларының басты тәрбиешілері болып табылады. Отбасы – бұл баланың өмір сүру ортасы: қамқорлықтың тұракты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезетін орын. Отбасында барлығы жақсы болған жағдайды – балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуетіне қотеріле алады. Отбасы мен педагогикалық ынтымақтастық – баланың қанаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың түрлері мен әдістері олардың педагогикалық мәдениетін көтеруге, балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуетін арттыруға бағытталған. Қазіргі заманның ата-аналарына көмек көрсету кажет, өйткені педагогика мен психология жоніндегі білімдердің болмауы қателіктеге, түсініспеушілікке демек, тәрбиенің нәтижесіздігіне әкеліп тірейді. Сондықтан да балабақша педагогтарының негізгі күштері ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін жогарылатуға бағытталған. «Тәй-Тәй» технологиясының отбасыны педагогикалық ағарту бойынша жұмыс нысандарының бірі ата-аналар жиналысы болып табылады. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне азап әкеледі» деген. Қазақстанның дамуына үлес косатын, әлемдік өркениетке қотерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, деңсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – қогам, ұстаздар мен ата-аналар, мұғалімдер кауымының бүгінгі таңдағы бага жетпес міндеті.

**№12 жалпы білім беретін мектеп  
0 «Балапан» мектепалды даярлық сыйыбы.**

**Ата-аналар жиналышының хаттамасы.  
Хаттамасы № 2**

Катысуга тиісті: 16

Катыскандар: 12

Катыспагандар: 4

Өткізу уақыты: 11.12.2023ж

Күн тәртібінде:

1 «МЕКТЕП ПЕН АТА-АНАНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ»  
атты баяндама тыңдалды.

3. Жолда жұру ережелерін сактау

Тыңдалды: «МЕКТЕП ПЕН АТА-АНАНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ» атты баяндаманы сыйып жетекшісі Даuletova Bibikul  
окыды.

**Ескертілген жағдайлар**

Баланың жеке басын құрметтенніз. Оз әрекеттерінізде озырылыха жол берменіз.  
Тиісті өзін-өзі бағалауды қалыптастырыңыз. Баланы отбасының нақты істерімен  
тәністырыңыз. Оған қажетті үй тапсырмаларын орындауды талап етіңіз.

Баланың ерік-жігерін дамыту. Оған шыдамдылық пен батылдықты  
тәнітуға үйретініз. Максатқа жету үшін күш салуды үйренініз.

Баланы жоспарлауға, іс-кимыл жоспарын құруга үйретініз. Үлкен және  
күрделі істі бірқатар нақты әрекеттерге болу. Оны басқа балалармен,  
адамдармен карым-катьнас жасауға үйретініз. Ата-аналық мінез-құлықтың  
онтайлы моделін көрсетініз.

Баланың адамгершілік касиеттерін қалыптастырыңыз: мейірімділік, әдептілік,  
жанашырлық, өзара комек, жауапкершілік.

Балалардың жасына сәйкес доміс-шараларына катысуын камтамасыз етіңіз.

**Жиналыш қаулы етеді:**

2. Кауіпсіздік ережелерін ата - аналар балаларына үнемі сыйып жетекшісімен  
катар түсіндіріп отырын.
3. Сыйып окушыларының оқу сапасының көтерілуін сыйып жетекшісі мен пән  
мұгалімдері, ата – аналар бірлесіп жұмыс жасау.
4. Окушылардың тәртібіне және күнделіктеріне назар аудару.

Сыйып жетекшісі:

Жиналыштың хатшысы:

Даuletova B

Абдураймова Гүлназ

**№12 Жалпы білім беретін мектеп**  
0 «Шұғыла» мектепалды даярлық салыныбы.

**ТАҚЫРЫБЫ: «МЕКТЕП ПЕН АТА-АНАНЫң БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ»**

*Баяндама*



**Сынып жетекшісі: Даuletova Б**

**2023-2024ж**

## **ТАҚЫРЫБЫ: «МЕКТЕП ПЕН АТА-АНАНЫң БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ»**

**Балаларды саналы, сергек етіп тәрбиелу – отбасы мен қогамдық тәрбие орындарының бірден-бір парызы, асыл мұраты.  
Отбасы - адамзат бесігін тербеткен ұя болса, сол отбасындағы баланың бас ұстазы - ата-ана.**

«Балапан ұяда нені көрсө, үшқанда соны іледі» - демекші, бала әкеден ақыл, агадан мейірім алады. Береке-бірлігі мол ұлгілі отбасында тәрбиеленген баланың таным жүйесі мейлінше ауқымды, болашақ өркениетке қосар үлесі бар. Тәрбиенің бастауы болған отбасы мүшелері тәрбие мен оку жоспарын іске асыруда мектептің ең басты одактасы бола алады. Мектеп пен отбасы мүшелері өзара бірлесіп жұмыс істегендегі ғана ынтымақтастықпен қарым-қатынас болып, арада түсіністік пен үйлесімділік орнамақ. Себебі, баланың өмір сүрге құштарлығының оянуы тәлім-тәрбиедегі бір жүйелілікпен, өзін қоршаған ортамен, бірге оқыған күрбы-достарымен, олардың қунделікті іс-әрекетімен, сейлеген сезі, жүріп-тұруы тағы басқа қасиеттерімен тығыз байланысты. Орынды тәрбие арқылы адам баласының тағдыры шешіледі, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Үрпак тәрбиесіне қай кезеңде, қай елде болмасын үлкен мән берілген. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский: «Тек ата-аналармен бірге жалпы күш-жігерді біріктіру арқылы ғана мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақыт беруі мүмкін» деген ұттымды ой айтқан. Ұттымдың ұлагатты дәстүрлерін кеңінен пайдаланып, тәрбие ісіне арқау ету де өз пайдасын тигізеді. Отбасы – белгілі-бір дәстүрлерді, адамшылық бейнені, идеялды, жақсы сөз, ұнамды міnez, ыстық ықылас, куаныш, ашық әнгімелесу арқылы да баланың көnlілін тауып, ішкі сырын ашуға болады. Дегенмен, жұмыс барысында көптеген ата-аналардың бала тәрбиесіне деген көзқарастарынан елеулі қателіктерді байқап жүрміз. Кейбір отбасылар баланы киім-кешекпен, тамақпен қамтамасыз етуді ғана өз міндеттеріне алып, тәрбие мен білім беру ісін мектеп мойнына жүктейді. Енді біреулері баласын орынсыз сөгіп, көnlіне қаяу түсіріп жатса, бірі «адам болар бала ездігінен оқып үйренеді» дегенді алға тартады. Мұндай теріс түсініктер баланың келешегіне зиян келтіреді. Ал, орынсыз балағаттап, баланың абырайына нұқсан келтіру ата-ананың бала алдындағы, қогам алдындағы беделін төмендетеді. Бұғынгі таңдағы бала тәрбиесіндегі кездесетін мұндай олқылықтардың алдын алу үшін ата-ана, мектеп, қогамдық үйымдар қай кезде де бірлесе отырып жұмыс жасауы керек. Адамның адамшылдығы жақсы ата-ана мен білікті тәрбиешіден. Тәрбиенің таразы секілді екенін ескерсек, екі басының тен түсінен көп көnlі болған абзал. Тәрбие ісіндегі ең басты жауапкершілік өздерінде екендігін ұмытып, баласының міnez-кулқы үшін қогамға кінә артатын ата-аналардың кездесіп жататыны

өкінішті-ак.

Бұғаңгі кейбір жастарымыздың бойындағы келенсіз қасиеттер мен жағымсыз мінез-құлыктардың қалыптасуына осындай жауапсыз ата-аналардың кемшилігі де өз әсерін тигізбей коймайды дер едім. Жас үрпакты тәрбиелеу жүйесі жана заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге байланысты. Қазак зиялыштарының бірі М.Жұмабаевтың: «Тәрбиедегі максат баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп шыгару емес, келешек өз заманына лайық қылып шыгару» деп айтуды бала тәрбиесіндегі ата-ана, мектеп, қоғам алдында үлкен жауапкершіліктің тұргандығын дәлелдейді. Әрине, отбасы өзінің дербес әрекеті арқылы тәрбие саласында ауқымды мәселелерді шешуде әлсіздік танытады. Ол үшін отбасы мен мектептің өзара ынтымақтастығын нығайту өте маңызды. Ал, тәрбие қоғамдық құбылыс болғандықтан, оны қоғам талаптарынан тыс үйимдастыру мүмкін емес. Бұл тұста үштік одақ: мектеп, отбасы және қоғамдық мекемелер жұмысындағы өзара сабактастық және ынтымақтастық өз үйлесімін табуды тиіс.

**№12 Жалпы білім беретін мектеп**  
**0 «Шұғыла» мектепалды даярлық сыйныбы.**

**Ата-аналар жиналышының хаттамасы.**  
**Хаттамасы № 3**

Күні : 18.05.2024ж

Қатысканы: 12

Қатыспағаны: 4

**Күн тәртібі:**

**Тақырыбы**

«Отбасындағы сыйластық - әдептілік бастауы»

**Мақсаты:**

1. Ата - аналарды балаларга жауапкершілікпен қарауга шақыру.
2. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертөнді тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап ету.

**Күн тәртібінде:**

1.Баяндама «Отбасындағы сыйластық - әдептілік бастауы»

2. Төртінші оку тоқсанының корытындысы

**Тындалды:**

1.Мәселе

**Баяндама «Отбасындағы сыйластық - әдептілік бастауы»**

Мақсаты: әлпештеген әке мен аялаган ана арқылы өрбіген туыстар сыйластығы, жанұядығы үлгі тұтар ата - ана тәрбиесі берген әдептілік, ізет, құрмет туралы пікір қозғаймыз.

**Накыл сөздер:**

1. Қызың ессе, гүлдей болсын деп тіле.
2. Отбасының кос шынары: ата мен эже.
3. Ана - жарага жапырак.
4. Қарындастың сыйламаганының қары сынсын.

2-мәселе бойынша екінші оку тоқсанының корытындысы

Төртінші тоқсанының корытындысы бойынша сыйнып жетекшісі Даuletova  
Бибикул Алкаровна айтып отті.


**Қаулы :**

Ата-аналар жиналышы төмөндегідей қаулы қабылдады:

1. « Отбасындағы сыйластық - әдептілік бастауы» атты баяндама тындалды.


**Сынып жетекшісі:**

**Хатшы ата-ана:**



Даuletова Б

Смайлова Ш



Сынып жетекшісі: Даuletova Б

2023-2024ж

#### «Отбасындағы сыйластық - әдептілік бастауы»

Отбасы – сыйластық пен жарастық орнаған кішкентай Отан. «Отан – отбасынан басталады» деген ұлағатты сөз осыған орай айтылса керек. Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы үжымы. Адам өмірі отбасынан басталады және азамат болып қалыптасуы да осында өрбиді. Отбасы – сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымактастықтың алтын арқауы.

Отбасы – табигат сыйлаган ғаламаттардың бірі. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам әрі әте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ. Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай корініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – туған-тыскандарына деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті де біз отбасын Отанның кішкентай бір

бөлшегі ретінде қарастырамыз. Айрандай үйыған, тату тәтті, бірліктे өмір сүріп жүрген карапайым қазақ отбасыларын «Отбасы шагын мемлекет» ұғымына сыйғызуға болады. Мениң атам мен әжем көпбалалы отбасынан шыккан. Казак қашанда немере-шеберенің санын айтпаған. Сондыктан, мен де Алла берген немерелерінің бірімін. Біздің қара шанырағымыздың ақылшысы, арқа сүйеріміз – әкем, қамқоршымыз – анам. Сондыктан,

«Әке – аскар тау,

Ана – етегіндегі бұлак,

Бала – жасындағы құрақ» – деген осы болса керек. Ата-анасын, ага-сінлілерін сыйлай білген, бауырларын бағалай білген адам, менін ойымша, қоғамда ізгі ниетімен еліне, онын дамуына зор үлесін қосатынына сенімдімін. Өйткені, менін әке-шешем де еліне қызмет етсі жүріп, бізді бағып-қағып, жақсы тәрбие беріп, оқытып, катарға қосқан абыл жандар. Мен ата-анамды қашанда мактан тұтамын. Олар біздін еркелігімізді, аяғымызды шалыс басып сүрінген кездердегі кателігімізді түсініп кешіре білген оны түзетуге ақыл-кенесін беріп, кен дүниенің тек тәтті тұстарын көрсетуден, жақсылыққа итермеледен жалықпайтын аяулы жандар. Ал, отбасы мактанышы дегендеге тағы да «ен бірінші мактанышым – ата-анам» деп айттар едім. Ата-анам балалары үшін жақсылықтың жаршысы бола білді. «Жақсы әке балага 40 жыл азық» дегендегей балалары «менің әкем», «менің анам» деп үлгі тұтса, ата-ана «міне, менің балаларым» деп мактаныш етіп отырса, бұл отбасы ажырамас алтын дінгегі. Әсіреле, отбасында қыз баланың тәрбиесінде ананың рөлі басым болады. Мениң анам бізге қыз балага тән нәзіктікті, ең бірінші «әкелерінді сыйландар, ренжітпендер», деп айтып, әкені сыйлауды, жалпы ер азаматты сыйлауды үйретіп отыратын.

Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі – тәрбиелеушілік міндеті, оны қоғамдық тәрбиенің ең тиімді деген жүйесі де алмастыра алмайды. Оның негізгісі – баланы өмірге келтіру гана емес, сонымен бірге оған алеуметтік-мәдени ортаның құндылығын кабылдаттыру, ага үрпактың тәрбиесін жас үрпакқа жеткізу, бойына сіциру, яғни балаларын өздерін қоршаган ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп осіру әке-шешенің ең маңызды міндеті. Ата-ананың, басқа да отбасы мүшелерінің өмір сүру тәжірибесі, жүріс-тұрысы, өз міндеттерін таза аткару, бір-бірін құрметтеп сыйлауының бәрі де үлкен мектеп, тәрбиелік маселе.

Қазак халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бір ұшы олардың жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемеуі, алдын кесіп отпеуі, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып үлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде қаншама мән жатыр десенші. Қазақ отбасындағы бала тәрбиесін үл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке-жеке мән беріп қарастыруда оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі. Үлкенді құрметтеу отбасы мүшелерінің бір-бірінің тәрбиесіне жауапкершілік, борыштылық, адамгершілік сезімдерін тұгызған.

Отбасы – адамзат баласының дүниеге шыр етіп келгенде, есігін айқара ашып

енетін үйі, өсіп ержететін, тәrbие алатын аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі. Кай заманда, қай елде болмасын отбасының адамзат ұрпағына ықпалы мен әсерін өмірдегі баска еш нәрсемен алмастыра алмайсын.

Отбасынан тыс та тәrbие бар. Ол қазакта «Ұлың өссе, ұлы жақсымен, қызың өссе, қызы жақсымен ауыллас бол», – дегені. Ата-ананың жүріс-тұрысы, сойлекені, іс-әрекеттерінің барлығы балада қалыптасады. Сондыктан, баланың алдында ата-ана өте байсалды, сабырлы болып, жақсы тәrbие көрсетуі керек.

Мәселен, Абай атамыздың он тоғызының кара сезінде: «Адам ата-анадан туганда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айткан сездерін ескеріп журген кісі өзі де есті болады. Эрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрсelerді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды...» деп осиет айткан.

Заманға сай отбасында бала тәrbиелу аса үлкен жауапкершілік пен білімді талап етеді. Қазақ үшін отбасынан киелі ештене жок. Өмірге келген нәрестеге ана маҳаббаты мен кіршіксіз таза қоңілі ауадай қажет. Бұл тұрғыда Мағжан Жұмабаев: «Ата-аналар баланы тәrbиелегендеге дәл өзіндегі етіп тәrbиелуғе тырыспау керек, олар баланы өзінен құшті етіп тәrbиелуі туіс. Өйткені, олардың заманы ата-аналарының өмір сүріп отырган заманына Караганда анағұрлым күрделі, талабы жогары болатының ұмытпаган жөн» – деген екен. Ал, Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаган бір өлеңінде: «Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер» дегені бар. Шынында, отбасы – ол да бір шағын мемлекет. Эр мемлекеттің өз басқару жүйесі әртүрлі болады. Осы сияқты әр отбасының өз тактикасы, басқару жүйесі болады.

Ұрпактың ер жетіп өсуі, бойындағы алғашкы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасатыны шындық.

Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін ана, бұлар – жаңу мектебінің ұстаздары болады. Әке мен ананың баласына қоятын ең біріші басты талап-тілектері – баланың «әдепті» болып өсуі. Қазақ халқы отбасындағы тәrbиені ең бірінші орынға қойған. Ата-ана балаларына қандай тәrbие берсе, ертең ол бала өскенде сол тәrbие арқылы өмірдің жаңа баспадақтарынан өтеді. «Ұяда не көрсен, үшқанда соны ілерсін» деп қазақ халқы бекер айтпаған.

Әкенің «батырым», шешениң «құлымым» деген сезін естіген балада жақсы сезім туатыны белгілі. F.Мұстафинның «Ата-ананың міндегі – баланы тәrbиелу және жақсылыққа үйрету» деген сезінде көп мән жатыр. Иә, өнегелі ұрпак тәrbиелу әр ата-ананың арманы және борышы екені даусыз. Әрқашан «Отбасының жемісі – тәrbиел ұлы мен қызы» деген, мактан етер ұрпағымыз көбейсін. Ұрпағына мақтанды болар казыналы карттарымыз жасай берсін. Қазактың әр отбасының керегесі кен, шаңырагы берік, еліміз аман, жұртыймыз тыныш болсын!